

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENT

Мақала туралы мәлімет

Конференция атауы	«Жастар және ғылым: бүгін мен болашағы» жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы
Сборник	«Молодежь и наука: настоящее и будущее». Сборник материалов Международной научно-практической конференции молодых ученых
Conference	The collection of materials from the International Scientific and Practical Conference of Young Scientists «Youth and Science: Present and Future»
Өткізілген күні	7 сәуір 2025, Атырау
ISBN	978-601-262-587-5
Жинақтағы жариялану №	100
Жинақтағы беттері	473-475
ӘОЖ/УДК/UDC	ӘОЖ 343
Секция	Секция IV. II Адам құқығын қорғау – құқықтық және әділ мемлекет құрудың кепілі/ / Защита прав человека – залог создания правового и справедливого государства
Автор(лар)	Исмаилова Динара Шайхатоллақызы
Мәртебесі	Магистрант
Ғылыми жетекші	Ғылыми жетекшісі, PhD докторы, қауымдастырылған профессор м.а.– Кулбаева М.М.
Мақала атауы	КОМПЬЮТЕРЛІК АҚПАРАТ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕЛУІ

Ескерту: бұл бет сайтқа орналастыру және мақала PDF-ін сәйкестендіру үшін қосылды. Төменде жинақтағы мақаланың түпнұсқа беттері берілген.

КОМПЬЮТЕРЛІК АҚПАРАТ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕЛУІ

Исмаилова Динара Шайхатоллақызы

dia.iiii@mail.ru

«Құқықтану» мамандығының 2 курс магистранты

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті Атырау қ., Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, PhD докторы, қауымдастырылған профессор м.а.– Кулбаева М.М.

Заңнама – бұл мемлекетке, қоғамдағы қауіпсіздік мәселелеріне, жеке өмірдің құпиялығы мен қылмыстармен күрес арасындағы дұрыс теңгерімді іздеуге немесе қызметтерді ұсынатын компаниялардың жауапкершілігін анықтауға мүмкіндік беретін динамикалық құрал.

Компьютерлік ақпарат саласындағы заңнаманың функциялары:

1. Компьютерлік құрылғыларды пайдалану кезінде нақты мінез-құлық стандарттарын белгілеу;
2. Қылмыстың алдын алу және азаматтарды қорғау;
3. Құқық қорғау органдарының тергеу жүргізу үшін жағдай жасау, сонымен қатар азаматтардың жеке өміріне құқықтарын қорғау;
4. Қылмыстық сот ісін жүргізудің әділ және тиімді процедураларын орнату;
5. Мәліметтермен жұмыс істеу және оларды сақтау сияқты салаларда минималды қорғау стандарттарына қойылатын талаптарды белгілеу;
6. Компьютерлік ақпарат саласындағы қылмыстарға байланысты қылмыстық істер бойынша елдер арасындағы ынтымақтастыққа жәрдемдесу.

Әдеттегі құқық компьютерлік ақпарат саласындағы қылмыстарға қатысты белгілі бір дәрежеде қолданылуы мүмкін болса да, оларды жасау үшін қолданылатын технологиялардың дамуы заңнамадан жаңа ұғымдар мен объектілерді қажет етеді. Көптеген мемлекеттерде технологиялар саласындағы заңдар ХІХ ғасырда қабылданған болатын. Бұл заңдар, әдетте, индустриалды қоғамның күнделікті өмірі негізделген физикалық объектілерге назар аударады. Осы себептермен көптеген дәстүрлі жалпы құқық нормалары компьютерлік ақпарат саласындағы қылмыстарды жасау үшін қолданылатын ақпараттық технологиялардың ерекшеліктерін ескермейді. Мұндай қылмыстардың объектілері көбінесе жаңа материалдық емес объектілер болып табылады.

Физикалық объектілердің нақты иелеріне тиесілігін анықтау әдетте қиындық туғызбайды, бірақ ақпарат иесін анықтау айтарлықтай қиын болуы мүмкін. Бұл айырмашылық көптеген елдердің заңнамасындағы «ұрлық» ұғымын қолдануда маңызды бола алады. Мысалы, компьютерлік деректердің «ұрлануы», егер бұл қылмыстың объектілер ұғымы кеңейтілсе де, әдеттегі ұрлық қылмысының құрамына кірмеуі мүмкін.

Қылмыстық құқықта киберқылмыстарды анықтау үшін ақпаратпен байланысты жаңа құқық объектілерін енгізу қажет болуы мүмкін, сондай-ақ компьютерлік қылмыстардың жаңа түрлерінен дәстүрлі заңды мүдделерді қорғауды кеңейту қажет болады. Жаңа қажетті объектілерге «компьютерлік деректер» немесе «компьютерлік ақпарат» сияқты анықтамалар, ал жаңа заңды мүдделерге «компьютерлік жүйелердің тұтастығын» жатқыза аламыз.

Киберкеңістіктегі әрекеттерге осындай критерийлерді жүйелі түрде қолдану қиындықтар туғызады. Дегенмен, көптеген елдердің заңнамасында және кейбір халықаралық немесе аймақтық құжаттарда киберқылмыстарды криминализациялауға негіз жасауға бағытталған теориялық жұмыстың нәтижелері көрсетілген. Мысалы, Еуропа Кеңесінің Компьютерлік қылмыстар туралы конвенциясына қатысты түсініктеме жазбаларында «заңды мүдделер» мен «зиян» қауіпке ұшырағаны туралы жиі айтылады.

Қылмыстық құқық компьютерлік ақпарат саласындағы қылмыстармен күресуде ең

маңызды деп есептелсе де, заңнамалық реттеу азаматтық құқық (азаматтар арасындағы құқықтық қатынастарды реттейтін) және әкімшілік құқық (азаматтар мен мемлекет арасындағы құқықтық қатынастарды реттейтін) арқылы да қамтамасыз етілуі мүмкін. Құқықтық реттеу режимдері материалдық және процессуалдық құқыққа, сондай-ақ нормативтік-құқықтық актілер мен конституциялық құқыққа бөлінуі мүмкін. Көптеген құқықтық жүйелерде осы режимдердің әрқайсысы өз мақсаттарына, институттарына және қорғау механизмдеріне ие.

Компьютерді пайдалануды талап ететін құқық бұзушылықтар кейде азаматтық немесе әкімшілік салаларында болуы мүмкін. Сонымен қатар, қылмыстық заңнамаларда азаматтық және әкімшілік құқықтың негізгі талаптарына жиі сілтемелер кездеседі, мысалы, авторлық құқық немесе деректерді қорғау саласында кездесетін мәселелер.

Қазіргі цифрлық дәуірде компьютерлік ақпарат саласындағы қылмыстардың саны мен түрлері күрт өсті, бұл өз кезегінде азаматтық құқық саласында да жаңа сұрақтар мен мәселелер туындатты. Компьютерлік ақпарат саласындағы қылмыстар мен азаматтық құқықтың арасындағы байланыс күрделі және көпқырлы болып табылады, себебі кибершабуылдар мен зиянды әрекеттер тек қылмыстық құқықтың ғана емес, сондай-ақ азаматтық құқықтың да шеңберінде қарастырылады.

Компьютерлік ақпарат саласындағы қылмыстар – бұл компьютерлер, желілер немесе ақпараттық жүйелер арқылы жасалған құқық бұзушылықтар. Оларға хакерлік шабуылдар, ақпараттық жүйелерді бұзу, зиянды бағдарламалар мен вирустарды тарату, деректерді ұрлау, қаржылық алаяқтықтар және т.б. жатады.

Азаматтық құқық – жеке тұлғалардың арасындағы құқықтық қатынастарды реттейтін құқық саласы. Бұл құқық саласы азаматтардың мүліктік және мүліктік емес құқықтарын қорғауға бағытталған.[4] Азаматтық құқықтың негізінде келісімдер, міндеттемелер мен зиянды әрекеттер бойынша даулар шешіледі. Кез келген сала сияқты азаматтық құқық та қоғамдық қатынастарды реттейтін және қалыптастыратын құқықтық нормалардан тұрады. Бірақ та азаматтар қатысатын қатынастардың барлығы да азаматтық құқықпен реттелмейді, сонымен қатар азаматтық құқық, азаматтар мүлде қатыспайтын қоғамдық қатынастарға да әсер ете алады. Азаматтық құқық нормалары өндірілген өнімді сатып алу, оны теміржол, теңіз, өзен немесе әуе жолдары арқылы тасымалдау, осы жүкті сақтандыру, тасымалданған жүк үшін төлемдер алу және т.б. қоғамда кездесетін тараптар арасындағы қатынастарды реттейді. Азаматтық құқық реттейтін қоғамдық қатынастар шеңбері өте кең және әртүрлі, сондықтан оларды толықтай атап өту мүмкін емес. Бұны істеудің қажеті де жоқ, өйткені азаматтық-құқықтық ғылымының пәніне азаматтық құқық реттейтін қоғамдық қатынастардың барлығын нақтылықпен атап өту кірмейді, оған азаматтық құқық деп аталатын саланың бір пәнінде олардың барлығын біріктіруге мүмкіндік беретін жалпы қасиеттерін анықтау жатады.[5] Киберқылмыстар мен азаматтық құқықтың байланысын түсіну үшін, олардың нақты қай жерлерде өзара әрекет ететінін қарастыру қажет.

Зиянды әрекеттер және азаматтық жауапкершілік

Кибершабуылдар, зиянды бағдарламалар мен жүйелерге жасалған шабуылдар көбінесе азаматтық жауапкершілік мәселелерін туындатады. Мысалы, егер киберқылмыс нәтижесінде жеке тұлға немесе ұйым үлкен қаржылық зиянға ұшыраса, онда сол тұлға немесе ұйым осы зиянды өтеу үшін азаматтық талап арыз бере алады.

- **Мүліктік зиян:** Ақпараттық жүйеге зиян келтіру, қаржылық алаяқтықтар, деректердің ұрлануы немесе бүлінуі арқылы азаматтардың немесе ұйымдардың мүліктік шығындары туындауы мүмкін. Мұндай жағдайларда зардап шеккен тарап азаматтық сотқа шағым түсіріп, зиянды өтеуді талап ете алады.

- **Моральдық зиян:** Компьютерлік ақпарат саласындағы қылмыстардан кейін моральдық зиян да туындауы мүмкін. Мысалы, жеке тұлға немесе ұйымның жеке деректерінің заңсыз түрде жариялануы моральдық шығындарға әкелуі мүмкін. Мұндай жағдайда, зардап шеккен тұлға моральдық зиянды өтеуді талап ете алады.

Интернет алаяқтықтары және азаматтық жауапкершілік

Компьютерлік ақпарат саласындағы қылмыстардың ішіндегі ең көп таралғаны интернет алаяқтықтары болып табылады. Бұл кез келген адам интернет арқылы алаяқтық әрекеттер жасауға мүмкіндік алған жағдай. Мысалы, онлайн сатып алу кезінде тауарды төлеп, бірақ жеткізілмей қалуы немесе алаяқтар арқылы ақшаны ұрлау сияқты әрекеттер болуы мүмкін.

Азаматтық құқық контекстінде мұндай әрекеттерге азаматтық талап арыздар мен өтемақы төлеу мәселелері жатады. Бұл жағдайда жәбірленуші интернет алаяқтарынан немесе алаяқтық сайттардан келтірілген шығындарды өтеу үшін азаматтық сотқа жүгінеді.

Келісімдер және құқық бұзушылықтар

Интернеттегі келісімдер мен келісімшарттарды бұзу да азаматтық құқықтың саласы болып табылады. Мысалы, компаниялар мен тұтынушылар арасындағы электронды сауда келісімдері, немесе қызмет көрсетуші мен тұтынушы арасындағы шарттардың бұзылуы. Компьютерлік ақпарат саласындағы қылмыстардың осы келісімдерге зиян келтіруі мүмкін, мысалы, келісімдер бойынша төлемдердің жасалмауы немесе тауардың жеткізілмеуі.

Бұл жағдайда да азаматтық құқық нормаларына сәйкес тараптар арасында талаптар мен өтемақы төлеу мәселелері туындайды. Сонымен қатар, электронды қызмет көрсету саласында келісімдердің орындалмауы туралы даулар туындауы мүмкін.

Компьютерлік ақпарат саласындағы қылмыстармен азаматтық құқықтың байланысы Будапешт конвенциясында да көрініс табады. Еуропа Кеңесінің Киберқылмыс жөніндегі Конвенциясының 10-бабы «авторлық құқықты және оған қатысты құқықтарды бұзу» арқылы жасалатын құқық бұзушылықтар үшін қылмыстық жауапкершілікті қарастырады. Авторлық құқықпен қорғалған туындылар — бұл интеллектуалды меншік нысандарының бірі, оны ДИМУ «адам ақыл-ойының шығармашылық нәтижелері, мысалы, өнертабыстар, әдеби және көркем туындылар, символика, атаулар мен бейнелер, коммерциялық мақсаттарда қолданылатын» деп анықтайды. Будапешт Конвенциясы мемлекеттерден талап етеді:

– Компьютерлік деректер мен жүйелерге жасалатын шабуылдарды қылмыс деп тану (яғни, заңсыз қол жеткізу, заңсыз ұстап алу, деректерге араласу, жүйеге араласу, құрылғыларды теріс пайдалану), сондай-ақ компьютерлерді пайдалану арқылы жасалатын құқық бұзушылықтарды (жалған жасау және алаяқтық), мазмұнға қатысты құқық бұзушылықтарды және авторлық құқық пен оған қатысты құқықтар саласындағы құқық бұзушылықтарды қылмыс деп тану;

– Заңнаманы жетілдіру, осылайша құзыретті органдар киберқылмыстарды тиімді тергеу және электрондық дәлелдемелерді сақтау үшін, соның ішінде компьютерлік деректерді жедел сақтау, ақпараттың қозғалысы туралы деректерді жедел сақтау және ішінара ашу, компьютерлік деректерді тәркілеу мен тұтқындау, ақпараттың қозғалысы туралы деректерді нақты уақыт режимінде жинау, ақпарат мазмұны туралы деректерді ұстап алу сияқты шараларды қолдануға мүмкіндік беру;

– Конвенцияға мүше елдермен халықаралық ынтымақтастықты кеңейту, жалпы шаралар (экстрадиция, өзара көмек, ақпаратты ерікті түрде беру және т.б.) және арнайы шаралар (жедел сақталатын және сақталған ақпарат қозғалысы туралы деректерді ашу, компьютерлік деректерге қол жеткізу бойынша өзара көмек, компьютерлік деректерге трансшекаралық қол жеткізу, тәулік бойы жұмыс істейтін желілер құру және т.б.) арқылы.

Киберқылмысқа қарсы Конвенция Комитеті мүше елдерге ақпарат алмасу және Конвенцияға толықтырулар немесе хаттамалар енгізу қажеттілігін қарастыруда көмектесу үшін құрылған.[4]

Қорытындылай келе, компьютерлік ақпарат саласындағы заңнамалар кең ауқымды мәселелерді қамтиды соның ішінде: құқық қорғау органдарының тергеу жүргізуге құзыреті, қылмыстық юрисдикция мәселелері, электрондық дәлелдемелерді пайдалану мүмкіндігі, электрондық қызметтер жеткізушілерінің деректерді қорғау жөніндегі жауапкершілігі және киберқылмыстарға байланысты халықаралық ынтымақтастық механизмдері. Компьютерлік ақпарат саласындағы қылмыстарды криминализациялау азаматтық құқық саласында да айтарлықтай маңызды әсер етеді. Киберқылмыс нәтижесінде жеке тұлғалар мен ұйымдарға